

Ауыл спорты

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ЖАРЫС

Тамыз айының 18-і спорт күні. Осы спорт мерекесін спорт алаңдарында атап өту біздің округ жастары үшін дәстүрге айналған тұрақты құбылыс десе болады.

Турнир өте тартысты және тартымды деңгейде өтті. Жартылай финалда өз қарсыластарынан ұтылған «Алан» спорт клубының «Олимп» командасы мен №44 орта мектеп командалары өзара үшінші орын үшін таласты.

Нәтижесінде «Олимп» командасы қарсыластарынан басым түсіп, турнирдің III жүлдегері атанып, қола медальді иеленді.

Ал финалдық кездесуде №4 орта мектеп командасына есе жіберген № 43 орта мектептің командасы II орынға табан тіреді.

Турнир барысында барлық кездесулерінде қарсыластарынан басым түсіп, өте жақсы ойын өрнегін көрсеткен, белгілі жаттықтырушы Айбын Аубакиров жаттықтыратын №4 орта мектептің командасы финалдық кездесуде де жеңіске жетіп, турнирдің жеңімпазы атанып, бас жүлдені жеңіп алды.

Сондай-ақ турнир барысында өте жақсы ойын көрсеткен Куанышұлы Санжар «Үздік шабуылшы», Бекжанов Кенесары «Үздік байланыстырушы», Досмахан Жандос «Үздік қорғаушы», Көбеген Дархан «Үздік ойыншы» номинациялары бойынша арнайы сыйлықтарға ие болды.

Жеңімпаз және жүлдегер командаларға округ әкімі Жасұлан Оналбаевтың арнайы тағайындаған кубоктары табыс етілді. Ал ойыншылары медальдармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Іле ауданы.

Қарты бар ауылдың қазынасы бар

Біздің Іле ауданы Байсерке ауылында елге сыйлы, берекелі ақсақалдар баршылық. Олар ауыл өміріне белсене араласып, жастарға әркез ақыл-кеңестерін беріп отырады.

СЫЙЛЫ АҚСАҚАЛДАР БАРШЫЛЫҚ

Ауыл мектептерімен тығыз байланыста. Жастардың сапалы білім, саналы тәрбие алуларына өз үлестерін қосып келе жатыр. Ауылда болып жатқан іс-шараларға белсене қатысып, өз тәжірибелерін ортаға салуда.

Атап айтатын болсақ, Байсерке ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әбдин Хамит, ақсақалдар Отарбаев Кендебай, Баданов Сайран, Бекенов Болат және тағы басқалар. Осы жерде Сәндібек Аманбаев ақсақалды ерекше атап өткім келіп отыр. Ол кісі-батағөй ақсақалымыз. Жақында Алматы облысы бойынша Кеген ауданы Қарқара жайлауында болған «Қымызмұрындық» тойында «Ата жолы ақ бата» атты батагөйлер жарысында жүлдейлі екінші орынды емденді.

Енді сол ақсақалдың біраз баталарын жолдап отырымыз.



ЖАС ЖҮБАЙЛАР БАТАСЫ

Шаңырақтың биік болсын!
Босағаларың берік,
Керегелерің кең болсын!
Ақ жүзіне келіннің
Ақ жаулығы көрік болсын!
Құдайым қаласа,
Көп ұзамай жерік болсын!
Торсық шекелі ұл туып,
Өздеріңе серік болсын!

ДАСТАРХАН БАТАСЫ

Бізге тартқан басыңыз,
Дәмді екен асыңыз
Ұрпақтар боп өзгеше,
Сыйлы болсын басыңыз!

Домаласын өрге жасыңыз
Иманды болып тасыңыз.
Көре алмаушы керігартпа
Құм қапсын дүшпан-қасыңыз.

Құйған қызыл шәйіңіз
Балдай тәтті майыңыз.
Еселі болып еңбегің
Бай, қуатты болыңыз.

САПАР БАТАСЫ

Жолыңды Алла қолдасын!
Жаманшылық болмасын.
Серті мен сөзінде тұратын,
Сенімді болсын жолдасың.

Көрмеген жерді көріп қайт,
Қайырлы сәлем беріп қайт.
Ырыздығың сыртта жолықсын,
Оны да түгел теріп қайт.

Айдарыннан жел есіп,
Желіп барып, желіп қайт.
Дақ түспей ар мен басыңа
Бақ құсы консын бағыңа.

Сау саламат өзіңмен,
Кездесейік тағыда!
Ақсақалдар аман боп,
Ортамызда жүре берсін.

Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
ақсақалдар алқасының мүшесі.
Байсерке ауылы.

Биыл да бастауыш «Алатау жастары» және бастауыш Ардагерлер ұйымының жетекшілерінің ұйымдастыруымен Жәпек батыр ауылында орналасқан «Алан» спорт клубында мектеп оқушылары командалары арасында волейболдан турнир болып өтті.

Турнирдің ашылу салтанаты кезінде сөз сөйлеген спорт ардагерлері М. Садабаев, Д.Жамалбеков, округ әкімінің орынбасары Б.Қасымбеков қатысушыларды және көрермендерді спорт күнімен құттықтап, ойыншыларға сәттіліктерін жолдады.



Мағыналы кездесу

ҰЛЫ АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ

Таяуда Боралдай кенттік кітапханасында ақын Абай Құнанбайұлының туған күніне арналған шара өтті. Оқырмандар үшін арнайы өткізілген бұл кездесу кешіне Боралдай кенті әкімінің орынбасары Айнұр Таңатарова және Боралдай кенттік аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

Аналар кеңесінің мүшесі Роза Исақызының 1948 жылы шыққан «Абай» деген кітаппен таныстырды. Кітаптың мұқабасы сарғайған ескі кітап екен. 76 жылдық тарихы бар. Абай елінен түсірілген суреттер де көрсетілді. Кездесуге қатысқан адамдар ұлы ақынның шыңармаларын жатқа оқып, оның тағлымды өмір жолын ой елегінен өткізді. Мұның өзі замана көші алға жылжыса да хакім Абайға деген құрметтің әрдайым жоғары болатындығын дәлелдегендей. Аналар кеңесінің төрайымы Қаламбаева Мархаба апамыз Абайдың 150 жылдық тойында кілем фабрикасында арналып жасалған суреті бар кілемшені кітапханаға сыйға тартты.

Шара соңында Абайдың қара сөздері оқылып, әндері шырқалды.

Өз тілшімізден.



БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Бошақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1449
Индексі – 65472.